



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№24 (613)
19 маусым,
2025 жыл

ТАБИҒАТТЫҢ ТЫНЫСЫ ТАРЫЛЫП БАРАДЫ



Тым ыстық жел немесе қапырық ауа. Бұл – жай құбылыс емес. Бұл – климаттың өзгеріп жатқанын білдіретін табиғаттың үнсіз ескертуі. Күрмеуі қиын күрделі мәселеге айналған «жаһандық жылыну» – бүгінгі шындығы мен болашаққа қауіп.

XXI ғасыр – технологияның емес, табиғатпен текетірістің ғасырына айналды. Соңғы онжылдықта адамзат бұрын-соңды болмаған климаттық өзгерістерге тап келіп отыр. Құрғақшылық пен қуаңшылық, су тасқындары мен орман өрті, шөлейттену мен полюстегі мұздықтардың еруі – мұның барлығы жаһандық жылыудың көрінісі. Бұл құбылыс

енді ғылыми ұғым ғана емес, өміріміздің шындығына айналғалы қашан...

Жаһандық жылыну – жер шарының орташа температурасының ұзақ уақыт бойы тұрақты түрде көтерілуін білдіреді. Мұның негізгі себебі – парниктік газдардың, әсіресе көмірқышқыл газының (CO₂) атмосферада шамадан тыс жиналуы. Бұл газдар күн сәулесін ұстап қалып, планетаның «жылы көрпесіне» айналады. Нәтижесінде жер бетінің қызуы тоқтамай, климаттағы табиғи тепе-теңдік бұзылады.

7

ТАНЫМ АЯСЫ – TRAVEL JOURNALISM

Бүгінгі оқырманға әлемнің кез келген бұрышына сапар шегу үшін жүк арқалап, жолға шығудың қажеті жоқ. Бір ғана батырманы басу арқылы біз енді Гималайдың етегінде, енді бір сәтте Шарын шатқалында, артынша Париж көшесінде жүргендей күй кешеміз. Мұның бәрі – ақпарат ағынында өз орнын тапқан жаңа бір бағыттың, дәлірек айтсақ, трэвел журналистиканың жемісі.

Бұл – сапар мен сөздің, дерек пен сезімнің, карта мен камераның тоғысында туған тың жанр. Бұл бағыт арқылы сана кеңейеді, жаңа көзқарас ашылады, ұлттық болмыс пен жаһандық танымның арасында алтын көпір пайда болады. Ал саяхатта жүрген журналисті жай ғана куәгер десеңіз, қателесіз. Ол – көзімен көріп, жүрегімен қабылдап, сөзімен жеткізетін шынайы баяндаушы. Ендеше трэвел журналистиканың бүгінгі медиакеңістіктегі орны, болашағы мен біздегі беталысы қандай? Осы сауалдың жауабын бірге іздеп көрейік.

Әуелі саяхат журналистикасының не екеніне тоқталсақ. XXI ғасырда адамдардың сая-

хатқа деген қызығушылығы артып, нәтижесінде трэвел контентке деген сұраныс та өсті. Бүгінде бұл сала тек дәстүрлі баспасөзбен шектелмей, әлеуметтік желілер, блог платформалар, YouTube пен подкасттар арқылы жан-жақты дамып келеді. Сонымен қатар саяхат репортаждары, фотоэсселер, деректі фильм мен блогтар арқылы трэвел журналистика тың мазмұн мен жаңа форматта ұсынылуда.

3-бетте



Сәкен ҚАНЖАР:

ИКИГАЙЫМДЫ ХИМИЯ САЛАСЫНАН ТАПТЫМ

Жас ғалым Сәкеннің есімі университетте жүргенде-ақ елге таныла бастады. Елгезек, білімге құштар студентті оқытушылары да бірден байқады. «Әлі жас» деместен, 1 курстан-ақ ауқымды зерттеу жұмыстарына қатысуға мүмкіндік берді. Осылайша оның ғылымдағы жолы басталды. Халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысты. Ал жүргізген зерттеулері оң нәтиже көрсетті.

Бүгінде Сәкен Қанжар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс магистранты және «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндік зертханасының инженері. Жас ғалымды оқырманға кеңінен таныстырып, жобалардың маңыздылығы туралы сұқбат жүргізуді жөн көрдік.

– Сәкен Әлімұлы, студент кезден-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарына белсене қатысып, жас ғалым ретінде танылдыңыз. Химия саласын таңдап, қызығуыңызға не себеп болды?

– Өзім Қызылордағы №2 Мұрагер мектебінің түлегімін. Ұстаздарым осы салаға бейім екенімді байқап, жарыстарға даярлай бастады. 9 сыныпта химия пәнінен қалалық олимпиадаға қатыстым. Мұнан соң облыстық, республикалық байқауларда бақ сынап, жүлделі орындар иелендім. Сол кезден бастап қызығушылық оянды. Осы орайда мектептегі білікті ұстазым Күнзияш Апплатиноваға алғыс айтамын.

5-бетте

ТОЙ-ДУМАН: БӘСЕКЕНІ ЕМЕС БЕРЕКЕНІ ОЙЛАЙЫҚ


Өткен аптада ел болып әнші Сәкен Майғазиевтің ұлын үйлендірдік. Құдалықтағы киімінен бастап айтқан сөзіне дейін талдадық, талқыладық, жарыса пікір айттық. Қазір той тойламасаң кем санайтын, тойың шағын болса сөгіс айтатын, өзгелерден ерекшеленбесе жақтырмайтын халге жеткендейміз. Қазақта «қуанышыммен бөліссең, көбейеді» дейді. Бірақ бүгінгі «бөлісудің» шығыны да, жыры да көп. Тіпті құндылығы өзгерген секілді.

Ашық дереккөзге сүйенсек, кейінгі 3 жылда елдегі мейрамхана саны 2 300-ден асқан. Тізімнің бұдан да көп болуы мүмкін екенін ескерсек, елдегі той индустриясының айналымы миллиардтаған теңгемен есептелетін-ді. Мұндай көлемде қаржының айналатыны сөзсіз. Себебі той – халықтың қазынасы. Мұнан бөлек бәсеке...

«Тойың тойға ұлассын» деуші едік, тойың – қарызға ұласты...

Тілге тиек еткендей, бәсеке деп атап өттік. Бір кездері ауылдың ортасында киіз үй тігіліп, табақ тартылып, бозбалалар көкпар шауып, қаз-қатар отырған ақсақалдар бата беретін. Қазіргі той мейрамханада өтетін сән жарысы.

4



БАСПАСӨЗ – 2025

«Ақмешіт жастары»
газетіне 2025 жылдың
II жартыжылдығына жазылу
жүргізілуде.
6 айға
жекелер, мекемелер үшін
2500 теңге.

Көз тастаған келешек
асқарына,
Жазылыңыз
«Ақмешіт жастарына».



СЫР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ҒАЛАМАТ ҒАСЫРЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» медицина қызметкерлері күніне арналған «Сыр медицинасының ғаламат ғасыры» атты салтанатты шара өтті.

Басқосуға жауапты сала басшылары, медицина саласының қызметкерлері мен ардагерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтап, Сыр медицинасының бүгінгі беталысы мен алдағы жоспарларға тоқталды.

«Дәрігер – ең ізгі, ең қастерлі мамандық иесі. Сіздер халқымыздың әл-ауқатын арттыруға, дені сау ұлт қалыптастыруға бағытталған жаңа реформалар мен бағдарламаларды сәтті жүзеге асыру жолында жауапты міндет атқарып келесіздер.

Нағыз дәрігер үшін ең жоғары құндылық – халықтың ыстық ықыласы мен алғысына бөлену. Бүгінгі мерейлі мерекеде сіздердің өлшеусіз еңбектеріңізге барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан алғыс айтып, зор ризашылығымызды білдіремін.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Ақордада өткен дәрігерлермен кездесуде «Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның деңгейі мен қолжетімділігі – еліміздегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші», – деген болатын.

Аймағымызда Мемлекет басшымыздың тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен халық денсаулығын нығайтуға, медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда салаға 441 миллиард теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйіктілі мәселелер шешімін тауып келеді.

Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медициналық нысан жаңадан салынып, іске қосылды. Төрт көпбейінді аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыстар, емхана-сы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана бой көтеруде. Соңғы үш жыл-

да 24 медициналық нысан күрделі жөндеуден өтті. Халық сұранысына сәйкес барлық елді мекендегі денсаулық сақтау мекемелері санитарлық автокөлікпен 100 пайыз қамтылып, мәселе түбегейлі шешімін тапты.

Жақында Қызылордада өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, кадрларды тұрақтандыру үшін өңіріміздің денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне арнап 100 пәтерлік тұрғын үй салу туралы шешім қабылдадық. Қазір құрылыс басталды, жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға берілімек.

Өткен жылы 15 дәрігер Түркиядағы, биыл 41 маман Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдеріндегі алдыңғы қатарлы клиникаларда біліктілік арттырды.

Жауапкершілігі жоғары салада уақытпен санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңіз үшін тағы да



алғысымызды білдіремін! Халыққа әрдайым адал қызмет етіп, абыройлы болыңыздар!» – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекелік басқосуда қажыры мен қайратын, білімі мен біліктілігін ұлт саулығына арнаған медицина қызметкерлері марапат төрінен көрінді. Қызылорда қалалық көп-

бейінді ауруханасының кеңесші хирург дәрігері Юрий Фотиади «Құрмет» орденімен, «Қаз-лепрозорий» мекемесі Тасбөгет бөлімшесінің меңгерушісі Анаркүл Нұрғалиева «Шапағат» медалімен марапатталып, сала ардагері Асылбек Тоғызбаевқа «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы табысталды.

Мерекеле медицина қызметкерлері Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медаліне, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісіне ие болды.

Кейінгі жылдары өңіріміздің медицина саласына бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыс орнатылған. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 миллиард теңгеден астам қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында, Жанақорған ауданында «Қамқорлық» оналту орталықтары ашылды. Жакын күндері Арал ауданында осындай орталық пайдалануға беріледі. Сирек кездесетін дертке шалдыққандарға қажетті дәрі-дәрмек



сатып алынды. Қор облыстық онкология орталығына құны 1 миллиард 100 миллион теңге болатын, еліміздегі 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен табыстады.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

Биыл Шардара және Көксарай су қоймаларындағы су көлемі өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай аз. Екі нысаннан Сырдарияның төменгі ағысына секундына 500 текше метр су жіберіледі. Жалпы, облыс аумағындағы су көлемі өткен жылмен салыстырғанда азайып отыр.

ОБЛЫС БОЙЫНША 193,7 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕРГЕ ЕГІН ЕГІЛЕДІ



Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов және «Қазсушар» РМК филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев айтты.

– Биыл облыс бойынша 193,7 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған. Оның ішінде күріш – 80,9 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,7 мың гектарға аз. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып 9,2 мың гектар жерге егін орналастыру көзделген. Ерте егілетін дақылдар толық көлемде орналастырылып, күтімге алу шаралары жүргізілуде. 49,9 мың гектар ескі жоңышканың 47,7 мың гектары оруға жоспарланып, оның 16,3 мың гектары орылып, 42,7 мың тонна өнім алынды.

Орта өнім – 26,4 ц/га. Халықты әлеуметтік маңызы бар өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында 5,1 мың отбасына 3,3 мың гектар жер бөлініп, 2,8 мың гектарына дақылдар егілген. Тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай, техникамен толық қамтамасыз етілді. Көктемгі дала жұмыстары тұрақты бақылауда, – деді Талғат Тұрсынұлы.


Ал Зейнулла Қазтоғанов бүгінгі күні Шардара су қоймасындағы су

көлемі 2765,0 млн текше метрді құрап отырғанын жеткізді.

– Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш едәуір төмендеген. Былтыр 4546 миллион текше метр болған. Қоймадан төменге тасталып жатқан су көлемі – 350 текше метр. Көксарай су реттегішінде де жағдай осындай. Су көлемі 20,61 миллион текше метр. Былтыр бұл көрсеткіш 46,04 миллион текше метрді құраған. Шардара мен Көксарайдан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 350 текше метр су жіберіледі. Қызылорда облысы шекарасына Көктөбе су бекеті арқылы секундына 400 текше метр су келуде. Ал торапқа дейінгі каналдар арқылы 325,98 текше метр су алынууда, бұл өткен жылмен салыстырғанда сәл жоғары. Өйткен су торабынан төменге 5 текше метр су жіберіледі. Бұл көрсеткіш өзгеріссіз қалды. Қараөзек арнасымен 36 текше метр су беріледі. Қазалы су торабынан төменге жіберілген су көлемі 5 текше метрді құрады. Шардара су қоймасымен Көксарай су реттегішінің жұмыс кестесі бақылауға алынып, жергілікті атқарушы органдар және су шаруашылығы ұйымдарымен Сырдария өзеніндегі су шаруашылық жағдайына күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізілуде, – деді Зейнулла Қазтоғанов.

«ОТБАСЫ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

Елімізде алғаш рет ішкі істер органдарының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшесі құрылды. Бөлімшенің басты ерекшелігі – мұндағы қызметкерлердің басым бөлігі әйел адамдардан құралған. Бастама өз кезегінде зардап шегушілердің әйел қызметкерлерге оқиғаның мән-жайын ұялмай ашып айтуына, яғни сенім факторына ықпал етеді.



Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының өкілі Ләйлә Туысбаева айтты.

– Биыл сәуір айында облыс әкімінің қолдауымен бөлімге бөлек ғимарат беріліп, отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы ашылды. Орталықтың негізгі мақсаты – отбасылық-тұрмыстық саласында құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды азайтып, отбасын сақтап қалу мақсатында отбасы мүшелеріне психологиялық әлеуметтік, құқықтық тегін кешенді көмек көрсету. Әйелдер мен балаларға қатысты жасалатын қылмыстың санын азайту және жабірленушілердің полицияға деген сенімін арттыру, сонымен қатар полиция заң аясында қолдауға, қорғауға әрқашанда дайын екенін түсіндірі. Орталықта 10 кабинет бар. Оның ішінде тергеу, ювеналды полиция, әйелдердің зорлық-зомбылықтан қорғау тобы, сот орындаушылар, заңгер, психолог, теолог, еріктілер, медиатор және әлеуметтік қызметкерлер

бар. Бұл жерде тек отбасылық, тұрмыстық мәселе ғана емес, сонымен қатар алимент өндіру, дінаралық қарама-қайшылықтар да шешімін табады. Бөлімше мамандары жабірленушілерді қорғап қана қоймай, құқық бұзушыларды қайта әлеуметтендірумен де айналысады. Агрессорларға мәжбүрлеп психологиялық көмек көрсету жүйесі және әлеуетті құқық бұзушылармен жұмыс енгізілді. Айта кету керек, жыл басынан тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы өтініштер саны 42,2 пайызға қысқарды, бұл қорғау шараларының тиімділігінің артқанын көрсетеді.

Сондай-ақ 5-15 маусым аралығында облыс көлемінде «Отбасы» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр. Ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне алынған 467 адам тұрғылықты мекенжайы бойынша тексеріліп, профилактикалық әнгімелер жүргізілді, – деді Ләйлә Бектұрғанқызы.

«АЖ» ақпарат

СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылордада медицина саласының ардагерлері Сағындық Шамшиевтің 80 жас және Абдулла Шүленбаевтың 75 жас мерейтойларына арналған Қызылорда облысының медицина қызметкерлерінің дәстүрлі спартакиадасы өз мәресіне жетті.

Қорытынды шараға облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Искаков қатысып, қатысушыларға алғысын білдіріп, жеңістерімен құттықтады. Шараға одан бөлек ардагерлері мен емдеу ұйымдарының басшылары қатысты.

Айта кетейік, бір айдан аса уақытқа созылған спорттық жарыс



спорттың 9 түрінен ойын ұйымдастырылып, медицина ұйымдарынан барлығы 27 команда сынға түсті. Нәтижесінде облыстық психикалық денсаулық орталығының спорттық командасы I орын иеленсе,

облыстық жедел жәрдем стансасы II орын, Қармакшы аудандық ауруханасының командасы III орын алды. Сондай-ақ жарысқа қатысқан барлық командаларға «Алғыс хаттар» мен ақшалай сыйлықтар табысталды.



Басы 1-бетте



ТАНЫМ АЯСЫ – TRAVEL JOURNALISM

Қазақ сапарнамаларын осы бағытқа алғаш жол салған еңбек деуге болады. Трэвел журналистикаға тарихи-әдеби негіз болатын еңбек ретінде Шоқан Уәлихановтың Қашғарияға сапары, Жоңғария мен Ыстықкөл жорықтары кезінде жазған жолсапар жазбалары жиі қарастырылады. Бұл тақырып Айқын Нұрқатов, Мұхтар Мағауин, Серік Қирабаев, Рымғали Нұрғали сынды әдебиеттанушылардың еңбектерінде де кездеседі. Алаш арыстарының шетелге, Ресей қалаларына, қазақ даласының түкпіріне жасаған сапарлары жайлы жазбалары – отандық трэвел журналистикаға жайлы келетін деректің қатарына жатады. Бұл бағыттағы зерттеулер Тұрсынбек Кәкішев, Тұрсынжан Шапай, Қайрат Сак және өзге де зерттеушілердің еңбектерінде әдебиет пен журналистика шегінде қарастырылады. Дегенмен бұл еңбектерде трэвел журналистиканың құрылымдық ерекшеліктері немесе жанрлық сараптамасы жасалмаған.

Ағылшын тіліндегі «travel» және «journalism» сөздерінің қосындысы ретінде бұл ұғым ағылшын тілді ғылыми әдебиетте алғаш 1970-1980 жылдары қолданысқа енген. Осы кезеңде әлемдік медиа құрылымында арнайы саяхат бағытындағы материалдар мен контент түрлері бөлек сала ретінде қарастырыла бастады. Мәселен, The Sunday Times Travel Magazine, National Geographic Traveler және Lonely Planet Magazine басылымдары саяхат репортаждарын жүйелі түрде жариялап, осы бағыттың теориялық негізделуіне түрткі болды. Зерттеуші Кен Томпсон трэвел журналистиканы «Медиа кеңістігінде мәдениеттерді, табиғатты, әлеуметтік тәжірибені, туризм мен идентификацияны тоғыстыратын күрделі коммуникативтік дискурс» деп сипаттайды.

Бұл сала саяхат барысында жинақталған материалды журналистік әдістер арқылы оқырманға көркем әрі танымдық формада жеткізуге бағытталған. Қазақстандық зерттеуші Б.Сәрсек аталған саланы журналистиканың деректі негізіне сүйенетін, бірақ көркем бейнелеу құралдарын кеңінен пайдаланатын аралас жанр ретінде қарастырады. Бұл салада репортаж, эссе, шолу, очерк жанрлары жиі қолданылады. Сонымен қатар, визуалды және аудиовизуалды контентті қатар ұсыну мүмкіндігі трэвел журналистиканы медиалық конвергенция тұрғысынан да тартымды салаға айналдырады.

Ғылыми әдебиеттерде трэвел журналистика – саяхаттау, көру, бақылау, зерттеу және сипаттау арқылы құрылған журналистиканың шығармашылық бағыты ретінде қарастырылады. Ағылшын зерттеушісі Тим Уилердің пікірінше, Трэвел журналист – тек оқиғалардың куәгері емес, сонымен қатар мәдениеттерді байланыстырушы дәнекер тұлға. Оның айтуынша, бұл салада объективтілік пен субъективтілік, деректілік пен көркемдік қатар жүреді.

Қазақ әдебиетінде сапарнама трэвел журналистикаға жақын, бірақ әдебиетке тән көркемдік өлшемдерге негізделген жанр. Мырзатай Жолдасбеков: «Сапарнама – бабалардан қалған танымдық сипаттағы жазбалар. Ол – жол көріп, ел аралап, әсер жазудың ежелгі түрі» дейді. Ал ұқсастығы – екеуі де автордың саяхаттық тәжірибесіне сүйеніп жазылады. Айырмашылығы – трэвел журналистика нақты фактілерге, медиа стандарттарға және аудиториямен тікелей коммуникацияға негізделген, ал сапарнама көркемдікке, эстетикалық реңкке, метафоралық тілге бейімделген.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ел ішінде және сыртта еркін саяхаттау мүмкіндігінің кеңеюі трэвел журналистиканың жандануына себеп болды. 2000 жылдары отандық БАҚ-та саяхат бағытындағы материалдар жиілей түсті. «SKAT», «Жібек жолы», «Қазақстан географиясы» секілді басылымдарда табиғи-географиялық, мәдени-тарихи нысандарды насихаттайтын репортаждар мен очерктер жарық көрді. Бұл ретте журналист Әлішер Елікбай цифрлық журналистиканың артықшылықтарын атай келе, трэвел бағыттағы репортаждар мен блогтық жазбаларда визуалды контенттің әсері өте зор екенін көрсетеді. Оның айтуынша, қазіргі заманғы оқырманды мәтіннен бұрын фото мен видеолар тартады.

Қазақстанда трэвел журналистиканың бастауы терең тарихи негізге ие. Ежелден қазақ даласында жолаушылап жүрген ақын-жыраулар мен би-шешендер өз сапарлары жайлы толғау, терме, аңыз-әңгіме түрінде ақпарат таратып отырған. Бұл жазба түрінде болмаса да, ауызша саяхат репортажының фольклорлық элементтерін танытады.

XIX ғасырда қазақ даласына келген орыс ғалымдары мен этнографтардың сапар жазбаларында да трэвел журналистиканың

белгілері байқалады. Мысалы, П.Семенов-Тянь-Шанский, В.Радлов, А.Левшин сынды зерттеушілер қазақ өлкесін аралап, жол сапарлары жайлы күнделік, жазба, очерк, картографиялық материалдар қалдырған. Алайда, бұл жазбалар қазақ авторлығымен жазылған жоқ, сондықтан олар отандық трэвел журналистика дәстүріне қосалқы үлес ретінде қарастырылады. Ал қазақ трэвел журналистикасының алғашқы үлгісі ретінде Шоқан Уәлихановтың «Қашғарияға сапары» жайлы жазбаларын атай аламыз. Бұл жазбалар қазіргі трэвел контенттің көп белгісін ерте кезеңде-ақ менгеріп қойғанын дәлелдейді.

Мәселен, бірінші жақтан баяндау тәсілі – бүгінгі блог пен репортаждың басты ерекшелігі. Шоқан сапар барысындағы көрген-білгенін өзі сипаттап, оқырманды бірге ертіп жүргендей әсер қалдырады. Оның еңбектерінде көркем тіл мен ғылыми стиль ұтымды үйлесім тапқан. Ғылыми деректер эмоциямен өріліп, көркем сипат арқылы оқырманды баурап алады. Бұл бүгінгі трэвел журналистер жиі қолданатын сторителлинг тәсіліне сай келеді. Танымдық мазмұн – Шоқан жазбаларының тағы бір құндылығы. Ол Қашғария тарихы мен мәдениетін, дінін, тілін нақты деректермен сипаттап, ғылыми қауымдастыққа ғана емес, жалпы оқырманға да бағыттап жазады. Бұл қазіргі трэвел контенттің де басты мақсаты – оқырманға жаңалық ашу. Сонымен қатар, оның жазбалары жол күнделігі формасында құрылған. Хронологиялық ретпен, нақты бағыттар бойынша баяндалатын бұл стиль – бүгінгі трэвел-блогтардың құрылымына өте ұқсас.

Отандық тележурналистикада трэвел форматындағы бағдарламалар тұрақты қалыптасқан. Кейінгі онжылдықта эфирден берілген «Welcome to Kazakhstan» (Kazakh TV), «Сафари» (Хабар), «Маршрут построен» (Хабар 24), «Жолда қабылдау» (Qazaqstan Ұлттық арнасы) жобаларын ерекше атап өтуге болады. Мысалы, «Маршрут построен» бағдарламасында жүргізуші жол сапарында өңірдің табиғи және мәдени нысандарын көрсете отырып, жергілікті халықпен сұхбат құрады. Бұл визуалды сторителлинг, интерактивті трэвел очерк үлгісіне жатады. «Жолда қабылдау» бағдарламаның басты ерекшелігі – аймақ аралау арқылы халықтың тұрмысын, жол инфрақұрылымын, әлеуметтік мәселелерін көрсету. Бұл саяси-әлеуметтік репортаж болғанымен, трэвел журналистика элементтеріне ие: жол маршруты нақты көрсетіледі, аймақтың табиғи-климаттық жағдайы сипатталады, халықпен тікелей сұхбат жүргізіледі. Бұл бағдарлама документалистік трэвел-публицистика форматына жақын.

«Мәдени маршрут». Бұл бағдарлама мәдени-тарихи нысандар мен киелі орындарды таныстыруға арналған. Жанрлық тұрғыдан – мәдени трэвел-шолу, яғни сапар барысында алынған ақпарат пен тарихи деректерге негізделген баяндау үлгісі. Тілді көркем қолдану, көріністі кадрмен сипаттау – трэвел очеркке тән белгілер.

«Хабар» агенттігі өзінің көпформатты құрылымымен және заманауи продакшн әдістерімен ерекшеленеді. Мұнда трэвел контент көркем-деректі және танымдық бағытта ұсынылады. Мысалы, «Сафари» бағдарламасы табиғат қорғау, ұлттық парктер мен аңшылық шаруашылықтар жайлы ақпарат береді. Шоқан Уәлиханов стилінде, яғни табиғат суреті мен деректі баяндау ұштасады. Автор сапар барысында көрерменді бірге ертіп жүреді, табиғи ландшафт, жануарлар әлемі сипатталады, кәсіби операторлық жұмыс визуалды баяндауға әсер береді.

Ал орыс тіліндегі «Маршрут построен» – отандық трэвел бағдарламалардың ішіндегі ең танымал әрі кәсіби деңгейде түсірілген жобалардың бірі. Онда белгілі бір өңірге саяхат жасалып,

өңірдің тарихи, географиялық, туристік және әлеуметтік ресурстары жан-жақты ашылады. Мазмұндық құрылымы саяхат картасы және бағдардан, жергілікті халықпен сұхбаттан, деректі материал мен кадрлық реконструкциядан, авторлық рефлексия мен storytelling-тен тұрады. Жанрына келсек, трэвел-документари, деректі телешолу.

«Жиһанкез» – «Қазақстан» ұлттық телеарнасының эфирінде 2010 жылдардың ортасында көрсетіле бастаған, кейін бірнеше маусым бойы жалғасқан саяхаттық-танымдық телевизиялық жоба. Бағдарлама жүргізушісі – белгілі журналист әрі саяхатшы Серік Асқарұлы, ол әр шығарылымда еліміздің немесе шет елдердің белгілі бір өңірін аралап, тарихи, мәдени, табиғи нысандар туралы көрерменге ақпарат береді. Бағдарлама қазақ тілінде дайындалған, бұл – оның ұлттық аудиторияны қамтуға бағытталғандығының маңызды көрсеткіші. Әр шығарылым шамамен 20-25 минутқа созылды.

Мұнан бөлек, қалың көрермені бар «Орел и решка» бағдарламасының Қазақстанда түсірілген нұсқалары бірнеше қала мен өңірге арналды. Олардың қатарында Алматы, Астана, Шымкент, Қонаев, Бұрабай, Маңғыстау, Түркістан болды.

«Орел и решка» форматының ықпалымен Қазақстанда ұқсас трэвел-жобалар пайда болды. Олардың қатарында «Qazaq Travel» YouTube жобасы. Жергілікті трэвел-блогерлер жоғары және төмен бюджетпен саяхаттау тәжірибесін видео түрінде бөлісіп, интерактивті репортаж, күнделікті влог, гид-шолу формасын қалыптастырды. Екінші, «Менің Қазақстаным». Бұл бағдарламада да белгілі бір өңірге саяхат жасап, жүргізуші туристік маршрут, көрнекті орындар, қонақ үй, асхана, тарихи орындар туралы баяндау жүргізеді. Жанр тұрғысынан түпнұсқалық емес, бірақ «Орел и решка» форматына жақындалған жоба. Сондай-ақ «Миллионмен саяхат» YouTube жобасы шектеулі бюджетпен Қазақстан бойынша сапар жасайды.

Еліміздегі «Жас Алаш», «Ана тілі», «Қазақстан Zaman» басылымдарында жарық көрген шығарылымдар да жаңа бағыттан алыс емес. Аталған газеттерде көбіне ұлттық болмысқа, тарихи сапарлар мен киелі мекендерге қатысты мақалалар жарияланып отырады. Бұл материалдар жиі авторлық очерк, жолсапар әсері, мәдениет шолуы түрінде жазылады.

Қазақстанда «Kazakhstan Travel», «Visit Kazakhstan», «QazaqGeography», сондай-ақ өңірлік туризм басқармаларының медиажобалары трэвел журналистикамен тығыз байланысты. Бұл мемлекеттік деңгейде туризмнің имиджін қалыптастыру мен ақпараттық қолдау саясатының бір бөлігі. 2023 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігі бекіткен «Ұлттық туризмді дамыту тұжырымдамасы – 2029» құжатында медиа контент өндірушілердің, соның ішінде трэвел журналистердің басты

серіктес ретінде танылуы – бұл салаға берілген ресми баға деуге болады.

Ақпараттан тыс, трэвел журналистика маңызды ағартушылық рөл атқарады. Бұл бағыт ұлттық мәдениетті, дәстүр мен тарихи сананы жаңғыртуда ерекше мәнге ие. Төменде трэвел журналистиканың танымдық мүмкіндіктері сипатталады. Біріншіден, тарихи-мәдени мұраны дәріптеу. Көптеген трэвел материалдар тарихи орындар, көне қалалар, ұлттық ескерткіштер туралы баяндайды. Бұл оқырман мен көрерменнің тарихи таным көкжиегін кеңейтеді. Екіншіден, этнографиялық және мәдени-ағартушылық миссия. Қазақтың салт-дәстүрі, тұрмыс-салты, тағам мәдениеті трэвел контенттің маңызды бөлігіне айналды. Бұл – тек сыртқа көрсету емес, ішкі аудитория үшін ұлттық сәйкестікті нығайтатын мазмұн. Кеселі – тіл мен руханияттың насихаты. Қазақтілді трэвел жобалар арқылы халық ауыз әдебиеті, жер-су атаулары, көне ұғымдар медиа арқылы қайта жаңғырып жатыр. Бұл – рухани жаңғырумен үндес процесс. Ал төртіншіден, экологиялық сана қалыптастыру. Табиғи қорықтар мен ұлттық парктер туралы контенттер қоршаған ортаны қорғауға шақырып, экоағартушылық міндет атқарады.

Трэвел журналистика тек ақпарат тарату құралы емес, ұлттық мәдениетті насихаттау мен туризм саласын ілгерілетудің маңызды құралына айналуға болады. Болашақта бұл сала елдің халықаралық имиджін қалыптастыруда шешуші рөл атқара алады. Қазақстанның бірегей табиғаты, тарихи ескерткіштері, этномәдени нысандары мен халықтың қонақжайлылығы – жаһандық аудиторияны тартатын мазмұн көзі бола алады. Осы бағытта трэвел журналистер мен контент жасаушылардың рөлі стратегиялық маңызға ие болмақ. Олар тек саяхаттың қызықты тұстарын ғана емес, елдің туристік әлеуетін, қауіпсіздігін, инфрақұрылымын, қызмет сапасын да сараптап жеткізе білуі қажет. Мұндай жан-жақты контент елдің ішкі және сыртқы туризмін дамытуға үлес қосады.

Келешекте трэвел журналистика құрылымдық жағынан маманданған, кәсіби даарлықтан өткен журналистердің саласы ретінде қалыптасуы ықтимал. Яғни, журналист саяхаттаушы ғана емес, сонымен бірге тарих, география, мәдениеттану, лингвистика секілді салалардан базалық білімі бар маман болуға тиіс. Осыған орай жоғары оқу орындарында «Трэвел журналистика» бағыты бойынша арнайы курстар мен модульдер енгізілуі керек. Практикаға бағытталған оқыту жүйесі арқылы студенттер сапар ұйымдастырудан бастап, креативті материал жасауға дейінгі барлық процесті меңгереді. Сонымен қатар, халықаралық журналистиканың ықпалдасу арқылы заманауи талаптарға жауап беретін жаңа буын қалыптасады.

Жаһандық трендтерге сай болашақта эко-туризм, этнотуризм және мәдени туризм бағытындағы контенттің маңызы артады. Климаттық өзгеріс, биологиялық әртүрлілікті сақтау, жергілікті халықтың тұрмысымен танысу сияқты тақырыптар трэвел журналистиканың маңызды бағытына айналады. Бұл ретте журналист тек турист емес, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін тұлға болуы тиіс.

Қорытындылай келе, трэвел журналистика – болашағы зор, көпқырлы сала. Оның дамуы жаңа технологиялармен, цифрлық медиа құралдарымен тығыз байланысты және заманауи оқырманның сұранысын қанағаттандыра алатын әлеуетке ие. Қазақстанда да бұл сала дами отырып, отандық туризм мен ұлттық мәдениетті танытудың тиімді тетігіне айналуға болады. Сондықтан бұл бағыттағы журналистиканы дамыту, сапалы кадрлар даярлау және мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету – уақыт талабы.

Үміт
БАЙТАСОВА



ТОЙ-ДУМАН: БӘСЕКЕНІ ЕМЕС, БЕРЕКЕНІ ОЙЛАЙЫҚ



Басы 1-бетте

Қош. Салтанатты мейрамхана. Танымал әнші, биші мен асаба. Көңілді қонақтар. Брендтік киімдер. Әр қазақтың тойы осылай өтсе дейсің, шіркін. Бірақ 5 ай дайындалған той 5 сағатта аяқталады. Ал ертеңіне несие төлейтін күн келіп, тыныш ұйқы бұзылады. Себебі «жұрттан қалмайық», «ұят болады» дегенді ойлап, той жасау үшін белшесінен қарызға батқандар көп. Несиесін төлей алса игі.

Халықтың 9 миллионға жуығы банк алдында берешек. Бұл әрбір екінші ересек адамның несиеі бар деген сөз. Сенесіз бе, 1 жылда елдегі несие портфелі 23 пайызға өскен. Бұл пайызды бірден жіктеп көрсек. Қаңтарда «Бірінші кредиттік бюро» казакстандықтардың несие борышы бойынша жаңа дерек шығарды. Ондағы ақпарға сүйенсек, халықтың жалпы қарызы 24 триллион теңгеден асқан. Оның ішінде кепілсіз тұтынушылық несиенің бір жылдағы өсімі 22,9 пайыз. Ал



екінші деңгейлі банктердегі тұтынушылық несие портфелі 14,1 триллион теңге. Бұл ретте де өсім қатты байқалады. Мысалы, өткен жылмен салыстырғанда бұл қарыз 31,7 пайызға көп.

Ал той несиесіз өте ме? Отбасылық кеңестен соң ата-аналар мейрамхана іздей бастайды. Әдетте оған қойылатын талап жоғары: суретке түсетін аймағы, фуршетке арналған орны және залда үлкен LED экраны болу тиіс. Ал тойға мейрамхана жалдау құны қонақ саны мен ас мәзіріне байланысты өсе береді. Тойхана әкімшілігімен келіскеніңізге қарай, сырттан сусын аласыз. Бір адамға ең арзаны 8 мың теңге дегеннің өзінде, дастарханын толтыру үшін той иесі жоқтан бар жасайды. Ал барлық жағдайы жасалған, соңғы үлгідегі мейрамханадағы бағадан басың айналады. Мейрамханаға тапсырыс беріліп, күні белгіленген соң, келесі кадам – асаба таңдау. Қазір асаба тойдың сәні мен шырайын келтіретін басты адамның бірі. Кейде тіпті күйеу жігіт пен қалыңдықтың өзі көлеңкеде қалып, бар назар асабаның харизмасы мен тапқырлығына ауады. Осы себепті той иелері алдын ала асабамен сценарийді ақылдасып, қонақтар санны мен құрамын нақтылап алады. Қалтасы көтеретіндер үшін елге танымал жұлдыз асабалар – басты таңдау. Алайда олардың қызмет құны қалтаға оңай соқпайды. 500 мыңнан бастап 2 миллион теңгеге дейін, бұған жол ақысы мен қонақүй шығынын қосыңыз.

Кез келген салтанатты шараның алғашқы әсері – шақыру билетінен басталады. Безендірілуі мен мазмұны үйлескен шақыру қағазы тек мәлімет емес, көңіл-күй мен ықыласты жеткізеді. Сондықтан да бүгінде ата-аналар мен жастар оның дизайнына ерекше мән береді. Полиграфиялық қызмет ұсынұшылардың айтуынша, қарапайым қағазға шақырту шығаратындар жоқтың қасы. Себебі барлығы электронды шақыртуға көшкен. Бұл уақытты да, бюджетті де үнемдейді дейді жастар.

– Осыдан 2 жыл бұрын үйлендім. Ата-анам шақырту қағазын шығартып таратуды жөн көрді. Бірақ бұл көнерген стиль. Қазір электронды шақыртулар көп қой. Уақытты да, ақшаны да үнемдей алатынымызды түсіндіріп, бірден бейнешақыру жасата бастадық. Тіпті сайт та әзірлеп береді. Өте керемет. Қолжетімді әрі ыңғайлы. Бағасы да бейнешақыру мен сайт үшін арзан болды. Бар-жоғы 10 мың теңгеге жасап берді, – дейді қала тұрғыны Әбен Тұранов.

Ал қазір видеошақырту 8500 теңге болса, қысқартылған форматы 5 мың, ал тек фото шақырту 3000-5000 теңгенің арасы. Сайт, эрине, күрделірек.

Бүгінде сайттарды 20 мыңға, ал бірнеше тілге ауыстыру тетігін қостырсаңыз 25 мың теңгеге жасатасыз. Бұл бағадан да төмендері бар екен.

Кейінгі жылдары той қортежі азайған секілді ме, әлде біз көрмей жүрміз бе? Әйтеуір той маусымы басталғанда көшені шулататын қортеж азайған-ды. Мұның өзіне VIP санаттағы көлікті жалға аласын. Ал әр сәтті есте қалдыру үшін фотограф пен видеографтың еңбегі ауадай қажет. Бүгінде көпшілік бір емес,

бірнеше маманды қатар жалдайды: бірі – love story түсіреді, екіншісі – дронмен, үшіншісі – зал ішіндегі эмоцияларды кадрға алады. Осындай толық қызметтің орташа құны 150 мың теңгеден басталып, 500 мың теңгеге дейін барады. Оған қоса, дайын материалды монтаждау мен әдемі клип жасау да қосымша шығын.

Музыкант пен биші – көңіл-күйді көтерер топ. Музыкалық сүйемелсіз той жартылай өшіп тұрған экран секілді. Тікелей эфирдегі көңіл-күйді қыздыратын музыканттар, шоу-бишілер мен аниматорлар қызметі 100 мыңнан бастап жоғарылап кете береді. Ал қалыңдық пен күйеу жігіттің той киімі көп жағдайда бір реттік ең қымбат костюм. Мұны білген жастар да жалға алуды жөн көреді. Тойдың соңын тәтті тортпен аяқтау – дәстүр. Бұл тізімнің бергі жағы. Мұнан бөлек ұсақ шығындар да жетерлік. Міне, «жұрттан кем болмайық» деген оймен жоқтан бар жасап, осы шығынды жабу үшін жылдап несие төлеп отқандар қаншама?

Жастар не қалайды?

Бір айдан кейін отау құратын 23 жастағы Әділет Мұстафаевпен әңгімелескенбіз. Ол бізге дайындығы мен шығыны жайлы айтып берді.

– Былтыр сүйіктіме ұсыныс жасап, тойдың қамына кірістік. Үйленіп, отбасылы болуды жоспарлап жүрген соң қаражат жинап қойғанмын. Менің есебім бойынша, артық шығын болмайтын еді. Бірақ барлығы мен ойлағандай болмады. Біріншіден, бағаның қымбаттауы. Екіншіден, мен ескермеген салт-дәстүрлер бар. Ал үшіншіден, тойға шақырылған адам саны тіпті көбейді. Жақындармен ғана атап өтуге де ата-анам келіспеді. «Ұят болады. Бір баламызға дүркіреген той жасап бере алмаймыз ба?» деп отыр. Бірақ мен үшін де, болашақ келіншегім үшін де мұндай той маңызды емес еді. Әрине, енді несиеге жүгіндік. Бас аяғы 10 миллион астам қаржы жұмсадық. Тойдың қызығы біткен соң несиенің жыры басталады, – деп күліп жауап берді ол.

Әділеттің әңгімесінен кейін ойға еріксіз бір сауал оралады: бүгінгі жастар бақытты болу үшін той жасағысы келе ме, әлде той жасау – бақыттың шарты ма? Бір қарағанда, қазақы ортада бұл екі ұғым ажырағысыз болып кеткен. Той – қуаныштың көрінісі, алайда қазір ол кейде жастардың өз арманына емес, жұрттың қалауын орындауға құрылған сценарийге көбірек ұқсап барады.

Мәселенің мәніне үңілу үшін біз тағы бірнеше жаспен тілдестік. Солардың бірі – 25 жастағы Аяжан Рысбек. Ол тойдың орнына шетелде үйлену рәсімін өткізуді жоспарлаған.

– Өзіміз үшін, болашақ естеліктеріміз үшін ерекше әрі ұмытылмас сәт сыйлағымыз келді. Бір ай бойы Түркияда, теңіз жағасында фото-видео түсіріп, жақын 10 адаммен ғана кішігірім мереке жасадық. Есесіне басымызда несие жоқ, бір-бірімізге уақыт пен көңіл бөлдік. Ал ата-анамыз ауылда кішігірім дастарқан жайды. Ең бастысы, бәрі разы болды, – дейді ол.

Бұл пікірден байқайтынымыз – бүгінгі буын салт-дәстүрді сыйлай отырып, сананы тұрмыстың тар шеңберінен шығарғысы келеді. Олар үшін шынайы сезім мен қаржылық тұрақтылық, бір-біріне деген сенім – той шуы мен даңғазадан әлдеқайда маңызды. Бірақ көп жағдайда бұл таңдау жастардың өзіне емес, әулетке, ауыл-аймаққа, ағайынға тәуелді. «Қалыңмал қанша болмақ?», «Қанша адам шақырдыңдар?», «Қай тойханада өтеді?» деген сұрақтар той иелеріне емес, төңіректегі жұртқа қызығырақ болып тұрады. Жастар үшін тойдың форматы емес, махаббаттың сапасы, өмірлік серігімен бір жолға түсу маңызды. Бірақ бұған қоғам дайын ба?

Бәсеке үшін емес, береке үшін жасалса...

– Instagram-ды ашып қалсаң, тойдан көз сүрінеді. Бірі ұшақ жалдап, екіншісі лимузиннен түсіп жатады. Бірінің тойында Бүркіт ән салып, енді бірінде бишілер сахнаны дүр сілкіндіріп жатады. Қыз бала болған соң, сондай тойды өзің де қалайсың, өз тойыңның осал көрінгенін кім қалайды? – деді атырулық бойжеткен Жансая.

Жансая былтыр танымал Тік Tok блогердің ұзату тойынан түсірілген видеоны көріп, «менің тойым да осылай болуы керек» деген мақсат қойған. Иә, қалтаң көтерсе, қалауыңды жасаған жарасады. Бірақ...

– Достарымның да алдында мақтанғым келді ме, білмеймін. Ұзату тойымды өте жоғары дәрежеде жасауды жөн көрдім. Бірақ барлық күш ата-анам түсті. Менің қалауымды жасау үшін әкем көлігін де сатты, анам несие алды. Осылайша той өтті. Сонда да сын айтқандар көп болды. Ал жас жұбайлар үшін тойдағы ең қымбаты тек естелік екенін, бірге өткізген уақыты екенін түсіндім. Ал қазір күні-түні еңбек етіп, несиеңі төлеп жүрміз, – деді ол.

Ал отау құрғанына 4 жыл болған Айдын мен Айгүл үлкен тойды тек өз қаражатына жасаған. Құдалықтың да шығынын екі жас өздері көтерген екен. Ал кейін бірге ақша жинап, еш несиеге жүгінбей үй алған.

– Әдемі, үлкен тойды біз де армандадық. Өзіміздің қалауымыз үшін алдын ала ақша жинап, арманымыздағы тойды жасадық. Шетелге де барып келдік. Бастысы барлығы өз қаражатымыздың есебінен болды. Қазір өз үйіміз, көлігіміз бар. Қаржылық қиындық жоқ. Білмеймін, несие дегеннен қорқамыз, – дейді қызылордалық Айгүл Маханбетова.

Ал бәсекенің салдарынан демонстративті тұтыну құбылысы басталады. Яғни адам өз өмірінің деңгейін өзгелерге жақсырақ көрсету үшін, көз қылу үшін ауқымды қаражат жұмсайды. Біздің де той осы демонстративті тұтынуға айналғандай. Расында, бір сәттік әсер үшін бірнеше жылдық несиеге бату – бәсекенің ащы салдары. Қазақ «көрпене қарай көсіл» дегенді бекер айтпаған. Шын ниетпен жасалған қарапайым тойдың өзі – ұлағат. Өйткені шынайылық саннен қымбат. Ендеше, тойдың көркін даңғаза емес, береке мен мән-мағына кіргізсе екен.

Інжу МАРЖАН

● КИНОИНДУСТРИЯ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬДЕ ҮЗДІК ФИЛЬМ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Ресейдің Чита қаласында XII Забайкалье халықаралық кинофестивалі өтті. Фестиваль қорытындысы бойынша «Жаңа көзқарас» конкурсының үздік фильмі ретінде қазақстандық режиссёр Асхат Күчинчерековтың «Бауырына салу» картинасы танылды.

Фильм Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген.

«Бауырына салу» фильмі әжесінің тәрбиесінде өскен баланың тағдырын баяндайды. Фильмде көне қазақ дәстүрі – бауырына салу айқын көрініс табады. Әжесі қайтыс болған соң бала ата-анасына оралып, олармен қайта байланыс орнатуға тырысады. Бұл – режиссёрдің өз басынан өткен оқиғаларға негізделген туынды.

Айта кету керек, «Бауырына салу» фильмі бұған дейін де халықаралық деңгейде жоғары бағаланған. Ол Asia Pacific Screen Awards байқауында үздік жасөспірімдер фильмі атанды, Әзербайжанда өткен Baku International Film Festival-дің бас жүлдесін иеленді, Франциядағы Cinema Heritage Festival-де арнайы марапатқа ие болды. Сондай-ақ фильмнің операторы Жанарбек Елеубек Asia World Film Festival-де «Үздік оператор» номинациясы бойынша марапатталды.

Фильм Қазақстан атынан биыл «Оскар» сыйлығына «Шетел тіліндегі үздік фильм» санатында ресми түрде ұсынылған.

«АЖ» ақпарат



«АСТАНА ОПЕРА» САХНАСЫНДА – «ҰЙҚЫДАҒЫ АРУ»


20-21 маусым күндері елордада өтетін халықаралық «Опералия» музыка фестивалі аясында «Астана Опера» театры көрерменге Петр Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» балетінің жаңа қойылымын ұсынады.

Бұл әлем балетінің алтын қорынан орын алған туынды ғана емес, қазақ сахнасы үшін мәдени дінгекке айналар көркемдік құбылыс. Қойылым ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен сахналанып отыр. Спектакльдің жаңа редакциясын театрдың балет труппасының көркемдік

жетекшісі, Ресейдің халық әртісі Алтынай Асылмұратова әзірледі.

Ол «Ұйқыдағы арумен» өзінің кәсіби жолын тығыз байланыстыратын, балет өнерін өмірінің өзегіне айналдырған тұлға. Жас кезінде бұл спектакльдегі басты партияларды Маринин театрында өзі орындаған Асылмұратова енді сол шығармашылыққа хореограф ретінде оралып, классикалық мектептің нәзік өрнегін сақтай отырып, оны бүгінгі заманмен үндестіруге ниет етуде.

«АЖ» ақпарат



СӘКЕН ҚАНЖАР:

ИКИГАЙЫМДЫ ХИМИЯ САЛАСЫНАН ТАПТЫМ

– Оқуға түскеннен кейін зертханадағы алғашқы эксперимент есіңізде ме? Жалпы университеттегі білім алу процесі көңіліңізде шығам?

– Ең алғаш 2019 жылы оқуға түскен кезімде күріш сабаны мен қауызын өңдеу технологиясы қарастырылып жатқан болатын. Университеттің «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндік зертханасында күріш қалдықтарынан белсендірілген көмір алу технологиясы жүргізілді. Менің зертханадағы ең алғашқы эксперименттік жұмысым осылай басталды.

Университет ғалымдары күрделі ғылым саналатын химияға одан әрі қызығуыма жол ашты. Сала мамандарының ынтымақтасып, өз жұмысын мұқият орындауы, адамзатқа пайдалы зерттеулер жасауға ұмтылуы менің де қарым-қабілетімнің ашыла түсуіне әсер етті. Айта кетерлігі, басқа жоғарғы оқу орындарында бірінші курстан-ақ зертханада жұмыс істеуге мүмкіндік бере бермейді. Ал біздің университетте ғалымдар зерттеулерге ертерек қатыстырып, құрылғыларды қолдануға рұқсат береді. Сондықтан мұндағы оқу процесі көңілімнен шығады деп айта аламын.

– Осы кезге дейінгі өзін қатысқан ғылыми жұмыстар туралы толығырақ айтып берсеңіз. Зерттеу нәтижелері қалай болды? Қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз?

– Осы кезге дейін бірнеше ғылыми жұмысқа қатыстым. Оның ішінде күріштің қалдығынан белсендірілген көмір алу, биочар, Терра прета тыңайтқышы, целлюлоза, кремний диоксидін алу бойынша белсенді түрде еңбек еттік. Бұл өнімдердің біркраты денсаулық сақтау, ауылшаруашылығы салаларында пайдаланылатын болса, кейбірі тұрмыстық заттар жасауға қолданылады. Айталық, қағаз шығару өндірісіне қажет.

Одан бөлек халықаралық конференцияларда баяндама жасап, көпшілікке жаңа жобаларды таныстырдым. Алматыда өткен «Science and business» конференциясында баяндама жасап, «Студенттер арасындағы үздік баяндамашы» атанып, I орын иелендім. Республика бойынша студенттердің

ғылыми жұмысы сараланатын жарыста да I орын бұйырды.

Сондай-ақ, 2021 жылы Қызылорда қаласының дарынды жастарына арналған «Самғау» жастар сыйлығының лауреаты атандым. 2024 жылы университеттің Басқарма төрағасы – ректорының гранты аясында өткізілген жас ғалымдардың ғылыми зерттеулері конкурсында жеңімпаз атанып, 1 миллион теңге иелендім.

– Жақында Қазақстан-Британ техникалық университетінде (КБТУ) өткен «CollNanoInd 2025» халықаралық ғылыми-техникалық конференциясына қатысып, ең үздік баяндамашы атандыңыз. Іс-шарада қандай жобамен таныстырдыңыз?

– Кейінгі 4-5 жылдың көлемінде күріш қауызынан белсендірілген көмір алу бойынша үздіксіз эксперимент жасап келеміз. Жұмыстың тиімділігін нақтылау үшін оған ұзақ уақыт пен шыдамдылық керек екені белгілі. Халықаралық конференцияда зерттеудің барысы мен нәтижесін баяндадым.

Ауқымды шара болғандықтан, мына бір мәселені айта кеткім келеді. Конференциядағы мен қатысқан секцияда маған дейінгі баяндамашылар ағылшын тілінде баяндама жасады. Ал мен баяндаманы қазақ тілінде дайындағанмын. Алғашында модератор қарсы болғанымен, жобаны қазақша түсіндірдім. Менен бұрын ағылшын тілінде сөйлеген баяндамашыларға артық сұрақ қойылмады. Мен қазақ тілінде қорғағаннан кейін барлығы қызығушылық танытып, сұрақ қойып, кейбір университет өкілдері «баяндама ұнады. Кейін бірлесіп, жұмыс істейік» деген ұсыныстарын білдірді. Айта кетерлігі, осыдан кейін қалған баяндамашылар жобасын қазақша қорғап шықты. Сондықтан мұндай конференцияларда баяндамашының сөзін жылдам аударатын аудармашылар қарастырылу керек деп ойлаймын.

Жақында ғылыми жетекшілеріміз Польшада өткен ғылыми конференцияға қатысқан болатын.

Халықаралық конференция болғанымен қатысушылар жобасын поляк тілінде қорғапты. Ал бізде керісінше. Сондықтан алдағы уақытта осы жағы ескерілсе деймін.

– Отандық ғалымдардың ішінде кімді үлгі тұтасыз?

– Химия ғылымдарының кандидаты, зерттеуші профессор, ғылыми жетекшім Нұрбол Аппазовты үлгі тұтамын. Ол кісіге үнемі таңғалып әрі қызығып қарайтыным бар. Ұстазымызда тәулігіне 25 сағат бар секілді. Жұмыста да өнімді еңбек етіп, отбасына да ерекше көңіл бөліп, қоғамдық шараларға да қатысып үлгереді. Сондықтан білікті маман ретінде ғана емес, қоғамда өз орны бар, мақсаты анық, пейілі кең тұлға ретінде де құрметтеймін.

– Өзіңізді дамыту үшін қандай әдеттер қалыптастырдыңыз? Күн тәртібі, жоспар құрасыз ба?

– Арнайы күн тәртібін жасамаппын. Жұмыс пен оқу процесінен бөлек, ағылшын тілін үйренемін. Youtube желісінен басқа лекторлардың лекцияларын тыңдаймын. Ал кейде бос уақытым бола қалса, компьютерлік ойын ойнайтыным бар. Бір қызығы, кейде күні-түні ұйықтамай жүретінім де, кейде күні бойы демалатын кезім де болады.

– Болашақта қай салада жұмыс істегіңіз келеді? Алдағы мақсатыңыз қандай?

– Алдағы уақытта да осы сала бойынша еңбек етемін деп ойлаймын. Бірақ өзге де мақсаттарым бар.

Өзіме жапон мәдениеті қатты ұнайды. Жапондарда икигай деген түсінік бар. Бұл өз өміріндегі рөлді табу дегенді білдіреді. Икигай түсінігі бойынша бір саланы таңдарда 4 сұрақтың жауабына қарау керек. «Сен қандай жұмысты жақсы көресің? Сен қандай жұмыста мықтысың? Сен бұл арқылы әлемге пайдалы бола аласың ба? Бұл жұмыста ақы төлене ме?»

Ал мен икигаймды осы химия саласынан таптым деп ойлаймын.

– Сұқбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айлана
ЖҰМАДИНОВА



ӘЛЕМДЕГІ №1 ТАУ-КЕН МЕКТЕБІ ҚАЗАҚСТАНДА ТҰҢҒЫШ ФИЛИАЛЫН АШАДЫ

2026 жылы Қазақстанда тау-кен ісі мен инженерия саласындағы беделді жоғары оқу орны – Colorado School of Mines университетінің әлемдегі алғашқы филиалы ашылады.

QS WUR пәндік рейтингінде «Минералды және тау-кен инженериясы» бағыты бойынша әлемде бірінші орынды иеленетін бұл университеттің Қазақстанда ашылатын филиалы Орталық Азиядағы академиялық хабтың қарқынды дамуының жарқын көрінісі болмақ.

Шетелдік алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарын Қазақстанға тарту бойынша жүргізілген жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасының Ғылым жә-

не жоғары білім министрлігі мен Colorado School of Mines университеті арасында аталған оқу орнының филиалын Қазақстанда ашу туралы келісімге қол қойылды.

Қол қою рәсіміне Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Colorado School of Mines университетінің жаһандық бастамалар жөніндегі вице-президенті Джон Брэдфорд және Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Қанат Шарлапаев қатысты.

Филиал Қазақстанның геология саласының жүйегі саналатын Жезказған қаласында, құрылып жатқан Ұлытау техникалық университетінің базасында ашылады.

Жетісу облысының Жыланды ауылында инженерия, робототехника және болашақ технологиялары саласындағы ең жарқын жастар фестивальдерінің бірі «Zhylandy Fest – 2025» өтті. Бұл шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ден астам дарынды оқушы мен студент қатысты.

АЛҒАШ РЕТ СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН КӨЛІКТЕР ЖАРЫСЫ ӨТТІ

Іс-шара үш бағытты қамтыды: Future Race – болашақтың экологиялық жарысы (Жыланды – Төңкеріс бағыты бойынша), Zhylandy International First Championship халықаралық робототехника турнирі, Open Day университеттер жәрмеңкесі.

Көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырған «Future Race» байқауында мектеп оқушылары мен студенттер құрастырған 9 тәжірибелік электромобиль жарыс жолына шықты. Қатысушылар тек жылдамдық үшін ғана емес, тұрақты көлік пен жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша өз инженерлік шешімдерін көрсету үшін де бақ сынады. Жеңімпаздар көлік жылдамдығы мен жұмсалған энергия көлемі негізінде анықталды.

Future Race жеңімпаздарының қатарында 1-орынды Bulan командасы, Назарбаев Университеті жеңіп алса, 2-орын ALT Alash коман-

дасына тиесілі болды, 3-орынды Назарбаев Университетінің BBC командасы иеленді, 4-орын – Shalqar командасы, КБТУ, 5-орынға Zhel Zhylandy Engineering Legion командасы, Жыланды ауылындағы лицей-интернат ие болды.

Шара аясында өткен Open Day университеттер жәрмеңкесі аясында еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары өздерінің білім беру бағдарламаларын ұсынды. Олардың қатарында SDU Университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы технологиялық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агро-техникалық зерттеу университеті, Логистика және көлік академиясы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және басқа да оқу орындары бар.

Фестиваль қонақтары NASA байқауларының жеңімпаздарынан зымыран жасау бойынша шеберлік сабақтарына қатысу мүмкіндігіне ие болды.



ARIZONA STATE UNIVERSITY ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА УНИВЕРСИТЕТ АШУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Cintana Education компаниясының жаһандық бастамалар жөніндегі вице-президенті Чагры Багчиоглумен кездесу өткізді.

Cintana Education өкілінің бұл сапары жоғары білім беру саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларын, атап айтқанда, Қазақстанда Arizona State University (ASU) филиалын ашу мәселесін талқылауға бағытталды.

Кездесу барысында Саясат Нұрбек Қазақстанда Орталық Азия білім беру хабын құруға бағытталған жобалар мен шетелдік университеттердің филиалдарының маңызы жөнінде айтып өтті. Алдағы ынтымақтастықтың екі негізгі бағыты, атап айтқанда, қазақстандық жоғары оқу орындары мен ASU

арасындағы бірлескен білім беру бағдарламасын іске қосу (қазақстандық тараптың ұсынысы бойынша), сондай-ақ ASU-дың жаңа кампусын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру мәселелері айқындалды.

Кездесу аясында Q university Басқарма төрағасы Болат Пралиев Алматы қаласындағы ASU кампусының пайдалануға берілу жағдайы туралы баяндап, қаладағы солтүстік-шығыс аймақта іске асырылуы жоспарланып отырған ауқымды ғылыми-білім беру жобасы – «Science City» тұжырымдамасын таныстырды. Жоба аясында ғылыми-зерттеу орталықтары, білім беру мекемелері мен инновациялық әзірлемелерді енгізуге арналған инфрақұрылым қарастырылған.

«АЖ» ақпарат

Қазіргі заман – ақпарат пен идеяның ғасыры. Адам санасына әсер етудің негізгі құралдарының бірі – сөз. Сөз арқылы елді оята аласың, тарихты тірілтіп, шындықты жарқыратып көрсетуге болады. Бірақ сол сөздің қолдану орны мен әдісі әр салада әртүрлі. Соның ішінде шатастыратын екі бағыт бар – журналистика мен көркем әдебиет. Бұл екеуін бір сала деп қабылдау – тек сөздің сыртқы түріне қарап, ішкі мағынасын түсінбеудің айқын белгісі. Шын мәнінде, олардың айырмашылығы – мақсатынан бастап, әдіс-тәсіліне дейін түбегейлі бөлек, яғни сала қалай бөлінсе сөздік қоры да солай бөлінеді. Журналистика – уақыттың, әдебиет – адамзаттың үні. Ал екеуін шатастыру – терең мәнді түсінбеу.

Журналистиканың негізгі миссиясы – нақты деректер мен оқиғаларға сүйеніп, қоғамға шындықты шынайы әрі объективті түрде жеткізу. Журналист – оқиға орнындағы куәгер, ол халыққа ақпарат тасымалдайтын дәнекер. Оның міндеті – ештеңені жасырып-жаппай, бұрмаламай жеткізу.

ішкі иірімдер беріледі. Бұл – оқырманды терең ойға жетелейтін көркем процесс болатыны айдан анық.

Кейіпкер мен автор қатынасын мысалға алатын болсақ журналист көбіне оқиғаға сырттай қарап, бейтарап баяндаушы ретінде сөйлейді. Ол дерекке, фактіге сүйенеді, эмоциядан бас

әлеуметтік теңсіздік, заң бұзушылық секілді мәселелерді жарыққа шығарып, шешім іздеуге түрткі болады. Әдебиет болса, сол қоғамдағы құбылыстардың ішкі себептерін зерттейді. Ол адамның ішкі жан дүниесін аша отырып, терең философиялық, этикалық сұрақтар тудырады. Журналист «не болды?» десе, жазушы «неге болды?» деп сұрайды. Сондықтан әдебиеттің тарихи жауапкершілігі тереңірек – ол қоғамның рухани айнасы ретінде қызмет етеді.

Қорытындылай келсек, журналистика мен көркем әдебиет – екеуі де сөзге негізделген сала болғанымен, олардың жолы – екі түрлі. Бірі шындықты сол күйінде жеткізсе, екіншісі оны тереңдетіп, бейнелеп, философиялық қырынан көрсетеді. Бірі ақпарат

АКЦЕНТПЕН СӨЙЛЕУ ӘБЕСТІК ЕМЕС

Әрбір тіл үйренуші немесе екінші тілде сөйлейтін адам акцент мәселесіне кезігеді. Акцент – адамның ана тілінің немесе бұрынғы тілдік тәжірибесінің оның жаңа тілде сөйлеген кездегі дыбысталу ерекшелігі. Көптеген жағдайда акцент негативті түрде қабылданып, оны тіл үйренушінің кемшілігі ретінде қарастырады. Алайда, акценттің болуы табиғи құбылыс және ол мәдени, әлеуметтік, психологиялық факторларға негізделген.



Акценттің пайда болуы тіл үйренушінің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерімен байланысты. Ана тілінде қалыптасқан тілдік дағдылар басқа тілде сөйлеген кезде де көрініс табады, бұл тілдік құрылымдардың өзара әсер етуіне әкеледі. Акценттің табиғаты биологиялық (сөйлеу органдарының физиологиялық құрылымы), психологиялық (жеке адамның тілдік бейімділігі) және әлеуметтік (тілдік орта) факторлармен түсіндіріледі.

Акценттің қоғамдағы қабылдануы әртүрлі мәдениетте және әлеуметтік ортада әрқалай. Кейбір қоғамда акцентпен сөйлеу оғаш қабылдануы мүмкін, ал басқа қоғамда ол адамға деген қызығушылықты арттыратын, оның ерекшелігін айқындайтын фактор ретінде бағаланады. Осы акцент мәселесіне қатысты елге белгілі саясаткер, демограф ғалым Әзімбай Ғали фейсбук парақшасында «Қазақтар ағылшынша мейлінше акцентсіз сөйлеуге тырысады. Ал индиялықтар, пакистандықтар «пиджин-инглиш» сөйлеуге тырысады. Қытайлар қай тілді де өз акцентімен сөйлейді. Ал байғұс қазақтар ғана орысша таза сөйлегісі келеді. Менің неміс әріптесім ағылшынша сөйлегенде акцентін жасырмайтын. Неміске «Сіз сөйлегенде бөтен акцентіңіз бар» деуге бата алмайтынмын... Өзін сыйлайтын адам, ұлт өзге тілді міндетті түрде акцентпен сөйлейді. Кавказдықтар орысша әдейі қатты акцентпен сөйлейді. Оған олар құлдық санадағы қазақтар сияқты ұялмайды – қайта мақтанады. Демек, әлеуметтік желілерде ел қатты көтеріп жатқандай, өзге тілді, алдымен бірінші орыс тілін міндетті түрде акцентпен сөйлеуді ережеге айналдырайық!» деп жазады. Бұдан шығатын ой, өзге тілдері акцентпен сөйлеу маңызды екенін байқауға болады. Кезінде орыс тілін акцентсіз сөйлейміз деп өз тілімізге шорқақ болып қалғанымыз жасырын емес. Өсіп-жетілген қалалық жас буын өз ана тілін дұрыс сөйлей алмайтын халге жетті. Демек, өзге тілді акцентсіз сөйлеу өзімізге қауіпті екенін аңғаруға болады.

Қазіргі латын әліпбиіне көшудің қадамдары жасалып жатыр. Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, оның ішінде баста кеткен қателіктерді қайта жөндеуге мүмкіндік туып отыр. Мәселен, өзге тілдерде сөйлегенде қазақ тіліне тән (ә, ө, ұ, ұ, қ, н, ғ) дыбыстарды қосып сөйлеу, жазу жұмыстары жүргізіледі. Мысалы: Орыс тіліндегі сөздерді қазақ тіліне тән дыбыстармен айту немесе жазу үшін кейбір әріптерді қазақ тіліне бейімдеп қолдануға болады. Мысалы: «человек» сөзін «шелебек» деп айтуға тырысқанда, орыс тіліндегі «ч» дыбысы қазақ тіліндегі «ш» дыбысына ауыстырылады. «Цирк» сөзін «сирк», «ёлка» сөзін «йолка» «экран» сөзін «екран», «яблоко» сөзін «йаблоко» деп өзгертуге болады. Осы арқылы өзге тілдегі сөздерді өз дыбыстарымызға бейімдеп сөйлеуді қолға аламыз.

Акцентпен сөйлеу әбестік емес, ол адамның тілдік тәжірибесінің көрінісі және оның тілдік мәдениетінің бір бөлігі. Акцентті қабылдау және оған деген оң көзқарас тілдік әртүрлілікті қолдауға, мәдени байланыстарды нығайтуға және тіл үйренушілерге психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада талқыланған мәселелер акцентке қатысты стереотиптерді жоюға, оның табиғатын дұрыс түсінуге және тіл үйренушілерге деген толерантты көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Жұбатқан ТАҢЖАНОВ,

Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының Қазалы ауданы бойынша мемлекеттік тілдің оқытушысы

Бүгінгі таңда азық-түлік дүкеніне барғанда қолымызға бірінші болып пластик бөтелке мен полиэтилен пакет түсетіні құпия емес. Олар қолдануға өте ыңғайлы. Жеңіл, арзан әрі көп орын алмайды. Қазақстанда күніне шамамен миллиардқа жуық пакет шығарылады екен. Пластик бөтелкелердің де саны осымен шамалас. Дегенмен полиэтилен мен пластиктің ыдырауы үшін 400 жылдай уақыт қажет. Бұл болашақта біздің планетамыздың «қоқысқа» айналуына әкеліп соғуы мүмкін.



ТАБИҒАТҚА ТӨНГЕН ҚАУІП

Пластик пен полиэтилен қазір барлық салада қолданысқа ие. Кейде олар микропластикқа айналып, азық-түлік ішінде қоспа болып жүреді және соның әсерінен қалдықтар желмен ұшып, өзен, көл, теңіздерге түседі. Ол суда өмір сүретін жан-жануарлардың, өсімдіктердің өміріне қауып төндіреді. Интернет желісіндегі деректерге сүйенсек, жылына 100 мыңнан астам балық пен құс, сүтқоректілер полиэтиленнің кесірінен қаза табады екен. Жануарлар полиэтиленді байқаусызда жұтып, тұншығады. Ал кейде полиэтилен тірі ағза иелерінің беліне, аяғына, қанаттарына оралып, олардың қозғалуына кедергі болады. Сенесіз бе? Сіздің жаңа ғана қолданған пластик бөтелке немесе полиэтилен жануарлардың өміріне зиян әкелуі мүмкін.

Бұл – жаһандық мәселе. Сондықтан оның алдын алу үшін бірішама жобалар қолға алынды. Мәселен, Швецияда 99% қоқыс қайта өңдеуден өтеді. Францияда полиэтилен пакеттерге тыйым салынған және Еуропа елдерінің басым бөлігінде қоқысты сұрыптау қатаң бақыланады.

Біз де қоршаған ортамен тығыз байланыста болғандықтан, оған қамқорлық көрсетіп, аялауымыз қажет. Ол үшін пластикті қайта өңдейтін зауыттар жұмыс істесе, қалдықтар саны азаяр еді. АҚШ-та пластикті қайта өңдеп, қалам секілді мектепке құрал-жабдықтар дайындайтын орындар ашылған. Бұл пластикті пайдалы қолданудың бірден-бірі әдісі.

Ал полиэтиленді қайта өңдеу қиындықтар тудыруы мүмкін. Себебі оның басым бөлігі лас. Сондықтан оны қолданыстан алып тастаған тиімдірек болады. Оның орнына эко-сөмкелер қолдансақ, тек табиғатты ғана емес, қаражатты да үнемдей алатын едік.

Әр күн сайын табигатқа миллиондаған қоқыс тасталады. Оның әсерінен тіпті адамның өзі үлкен қиындықтарға шалдығады. Сол себепті олардың санын азайтып, болашақ ұрпаққа таза жер қалдыру маңызды. Ол тек қоршаған ортаға ғана емес, біздің денсаулығымызға, біздің ұстанып жүрген өмір салтымызға орасан үлес қосады.

Мерей ШӘКРАТ,


Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

САҢЫРАУҚҰЛАҚТАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Барлық уланулардың шамамен 4% улы саңырауқұлақтарды тұтынуға байланысты болады. Бұл уланулардың себептері осы саңырауқұлақтарды білмеуде және дайындаудың дұрыс еместігінде жатыр. Саңырауқұлақтардың жеуге жарамдылығына қарай жіктеледі:

1. Шартсыз жеуге жарамдыларға қосымша өңдеусіз дайындалған саңырауқұлақтар (ақ саңырауқұлақ, шыбын саңырауқұлағы, шампиньондар және т.б.) жатады.

2. Шартты түрде жеуге жарамды саңырауқұлақтар – пісірер алдында алдын ала пісірген немесе ағын суға (тұздау алдында) малынған саңырауқұлақтар. Олардың сынған кезде сүт шырыны ағып кететін, күйдіретін дәмі бар. Алдын ала өңдеу нәтижесінде шартты түрде жеуге болатын саңырауқұлақтардың құрамындағы улы және өткір заттар жойылады. Егер улы заттар жойылмаса, бұл саңырауқұлақтар улы сияқты, жеңіл және ауыр улануды тудыруы мүмкін. 3-4 апта бойы кептіру де бейтарапандырудың сенімді әдісі болып табылады. Құрамында улы заты бар басқа саңырауқұлақтарды кептіру олардың уыттылығын жоймайды.



3. Жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар тобына улы және улы емес, бірақ оларды тұтынуға кедергі келтіретін өте жағымсыз дәмі немесе иісі бар (өт саңырауқұлағы, бұрыш саңырауқұлағы және т.б.) жатады. Улы саңырауқұлақтардың саны салыстырмалы түрде аз. Оларға термиялық өңдеу немесе тұздау кезінде улы жойылмайтын және жойылмайтын шыбын мен шыбын-шіркейлер жатады.

Саңырауқұлақтарды жинаудан кейін дереу өңдеу керек, ал жаңа саңырауқұлақтардың сақтау мерзімі 10С аспайтын температурада 18-24 сағаттан аспауы керек? Есте сақтау керек, тіпті ең жақсы жеуге болатын саңырауқұлақ, егер ол пісіп кеткен болса, тамыры шірі бастаса немесе ұзақ уақыт бойы өңделмеген болса, улы болуы мүмкін.

Әсіресе, орманда балалардың улануының алдын алу маңызды. Саңырауқұлақтардан алу кезінде бірінші кезекте асқазан-ішек жолдары зардап шегеді, бұл клиникалық түрде жедел гастроэнтероколит белгілерінен көрінеді және дененің азды-көпті өткір сусыздануына әкеледі.

Саңырауқұлақтан улануды көрсететін белгілер:

Асқазан-ішек жолдарының зақымдануы. Іштің құрысып ауруы, жүрек айну, құсу, іш өту, кейде күніне 20-25 рет. Саңырауқұлақтан уланғанда нәжісте қан және құсық кофе ұнтағы түстес болады.

Орталық жүйке жүйесінің зақымдануы. Саңырауқұлақтан уланғандың түріне байланысты ол

әртүрлі түрде көрінеді. Мысалы, шыбын ағашы галлюцинация мен моторды ынталандырады. Алдымен алаңдаушылық, содан кейін енжарлық пайда болады. Бейсаналық күйге көшуі мүмкін.

Жүрек-тамыр жүйесінің зақымдануы. Ол қан қысымының төмендеуі және жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы түрінде көрінеді.

Бауыр мен бүйректің зақымдануы жеген саңырауқұлақтардың түріне және мөлшеріне байланысты. Ерте кезеңдерде зәр мөлшері азаяды. Содан кейін мидың зақымдануымен және сарғаюымен сипатталатын бауыр жеткіліксіздігі байқалады. Ауыр интоксикация бауыр комасына әкеледі. Бүйректің зақымдануы жедел бүйрек жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін.

Саңырауқұлақтан уланғанда көрсетілетін алғашқы көмек:

Ағадан улы құсу арқылы шығаруға болады, бұл асқазанда улы саңырауқұлақтардың үлкен бөліктері болған жағдайда қажет, өйткені олар асқазанды шаю кезінде асқазан түтігінен өте алмайды. Үйде ас тұзын (бір стакан жылы суға 1 ас қасық) немесе қыша ұнтағын (бір стакан жылы суға 1 шай қасық) қабылдау арқылы құсуға болады. Құсудың тағы бір жолы – көп мөлшерде жылы су ішу, содан кейін саусақпен тілдің түбірін басу.

Егер уланған жағдайда жартылай есінен танған немесе есінен танып қалған болса, құсуды тудырмау керек, өйткені құсу тыныс алу жолдарына түсуі мүмкін.

Асқазанды шаюды уланудан кейін 3-4 және 10-12 сағаттан кейін де жүргізу керек. Асқазанды шаюдан кейін белсендірілген көмірді 1 кг салмаққа 1-2 таблеткадан қабылдау қажет.

Әсем ОМАРОВА,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

1-бетте

NASA мен БҰҰ деректеріне сүйенсек, 2023 жылы жер шарының орташа температурасы 1,5°С-қа көтеріліп, метеобақылау тарихындағы ең ыстық жыл болып тіркелді. Соңғы 50 жылда Арктикадағы мұздықтардың көлемі екі есе азайған. Ал Қазақстанда кейінгі 10 жылда жаздың аптап ыстығы орта есеппен 1,3°С-қа артқан.

Бір ғана дерек, кейінгі 200 жылда адамзат өнеркәсіп төңкерісінен бері атмосфераға 2 триллион тонна көмірқышқыл газын шығарған. Бұл жердің жылу балансын бұзуға жеткілікті көрсеткіш. БҰҰ жанындағы Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы егер 2030 жылға дейін адамзат ештеңе өзгертпей, дәл осы қарқынмен жалғастыра берсе температура 2°С-тан асады. Бұл жағдайда жер шарының 40%-ы қуаңшылық аймағына айналып, әлемдік астық қоры 20%-ға азаяды. Сондай-ақ теңіз деңгейі көтеріліп, жағада орналасқан миллиондаған қалалар су астында қалуы мүмкін екенін ескертіп, дабыл қағуда.

Климаттағы өзгеріс кедейлікке алып барады

Егер жаһандық жылыну тоқтамай, жер бетіндегі орташа ауа температура-сы 4 градусқа жетсе, бұл әлемдік экономикаға орасан зор соққы болып тиеді. Аустралиялық ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, мұндай жағдай орта деңгейде өмір сүретін әрбір адамның табысын шамамен 40 пайызға азайтуы мүмкін.

Сарапшылардың есебінше, температураның көтерілуі 2 градустан асса, адам басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 16 пайызға қысқарады. Бұл бұрынғы есептеулермен салыстырғанда әлдеқайда алаңдатарлық көрсеткіш. Бұған дейін экономикалық шығын бар болғаны 1,4 пайыз шамасында деп болжанған болатын.

Аустралиялық мамандар бұл жолы жаңа тәсілге жүгінді – олар әлемге танымал экономикалық үлгіні климаттың өзгерісіне байланысты сценарийлермен ұштастырған. Осы әдіс арқылы табиғи апаттардың жаһандық сауда айналымына қалай ықпал ететінін нақтырақ бағамдауға мүмкіндік жасады.

Жаңа Оңтүстік Уэльс университетіндегі Климаттық қатерлер және әрекет ету институтының ғылыми қызметкері, доктор Тимоти Нилдің айтуынша, бұған дейінгі зерттеулерде климаттағы өзгеріс экономикалық жүйеге айтарлықтай әсер етпейді деген тұжырым басым болған. Алайда ол ескірген болжауларда тек жекелеген аймақтық факторлар ғана назарға алынғанын атап өтті. Оның пікірінше, алдағы уақытта «жеткізуге тізбегіндегі каскадты үзілістер» жиілеуі ықтимал. Бұл әсіресе тығыз экономикалық байланысы бар елдер үшін ауыр соққы болуы мүмкін.

Мәселен, жаһандық жылынудың зардабын көріп отырған елдердің бірі – Қазақстан. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің шығымы климаттық жағдайға тәуелді екені бәрімізге белгілі. Су ресурстары, орман және экожүйелерге келетін залал жыл сайын артуда. Мәселен Epric, Іле, Сырдария секілді

нақты экологиялық саясат қажет, – дейді эколог-ғалым, география ғылымдарының кандидаты Марат Жақсылыков.

Қызылорда облысында соңғы бес жылда егістік көлемі қысқарған. Су тапшылығы салдарынан күріш алқабының бір бөлігі егілмей қалған. Арал



ТАБИҒАТТЫҢ ТЫНЫСЫ ТАРЫЛЫП БАРАДЫ

ірі өзендердің су деңгейі төмендеп барады. Каспий теңізі жағалауының тартылуы экологиялық және экономикалық мәселелерді ұшықтырып отыр. Теңіз жағалауынан табылып жатқан итбалық өлекселері оның нақты айғағы. Қуаңшылық пен құмдану Арал маңындағы аудандарда, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау өңірлерінде айқын байқалады.

Мұндағы мәселе тек табиғатта емес – бұл әлеуметтік, экономикалық, ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Климаттың өзгеруі ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы, туризм саласына кері әсер етіп салдарынан жұмыссыздар саны артады. Бұл өз кезегінде көші-қонға да әсерін тигізуде. Қуаңшылық жайлаған аймақтардан елдің үдере көшуі салдарынан ішкі миграцияда да өзгерістер орын алып жатыр.

– Бүгінде Қазақстанда 500-ден астам шағын өзен тартылып барады. Бұл – табиғи апат емес, адамның қолымен жасалған климаттық дағдарыстың нәтижесі. Экожүйеге ауыр соққы тиген сайын адам баласы да зардабын көреді. Бізге кезек күттірмейтін,

маңындағы ауылдарда құм көшкіні жиілеген, мал жайылымы тарылып, халық басқа өңірлерге көшуге мәжбүр. Бұл – жаһандық климаттың өңіріміздегі салдары ғана.

Жаһандық жылыну қатерлі ісікке шалдығу қаупін арттырады

Ғаламдық жылыну тек табиғатқа емес, адамзаттың денсаулығына да үлкен қауіп төндіріп отыр. Соңғы зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, жер шарының ең ыстық өңірлеріндегі температураның көтерілуі әйелдер арасында қатерлі ісіктердің көбеюіне себеп болып отырған көрінеді.

Зерттеуді жүргізген ғалымдар Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы 17 елдің 1998-2019 жылдар аралығындағы мәліметтерін сараптаған. Нәтижесінде ауа температурасының әрбір 1°С-қа артуы әйелдер арасында төрт негізгі қатерлі ісік түрінің таралуы мен одан болатын өлім-жітімнің едәуір өсуіне себеп болғаны анықталған. Бұл обыр

түрлері – сүт безі, аналық без, жатыр және жатыр мойны қатерлі ісіктері.

Зерттеу авторлары әйел ағзасының климаттық өзгерістерге сезімтал екенін атап өтті. Яғни температура көтерілген сайын қатерлі ісіктен өлу деректері де көбейген. Әсіресе сүт безі мен аналық без қатерлі ісіктері көп тіркелген.

– Температураның көтерілуі қатерлі ісіктің пайда болуына бірнеше жолмен әсер етеді. Ол канцерогендік заттарға ұшырау қаупін арттырады, медициналық қызметтің қолжетімділігіне кедергі келтіреді, тіпті жасуша деңгейіндегі биологиялық үдерістерді де бұзады, – дейді зерттеушілер.

Қайтпек керек?

Жаһандық жылынудың салдары тек температураның көтерілуімен шектелмейді. Экстремалды табиғи апаттар, яки дауыл, су тасқыны, орман өрті көбейеді. Азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төнеді. Сонымен қатар көптеген жануарлар мен өсімдіктер жойылып кету қаупінде тұр. Климаттық миграция артып, миллиондаған адам қоныс аударуға мәжбүр болып отыр.

Жаһандық жылынумен күрес – тек ғалымдардың немесе экобелсенділердің емес, барша адамзаттың міндеті. Ол үшін ең әуелі мектеп бағдарламасына «Экология» пәнін енгізе отырып, жаңа буынның климаттық білімін арттыру қажет. Екіншіден күн, жел, су энергиясы секілді жаңа энергия көздеріне көшу маңызды рөл атқарады. Үшіншіден автокөлік, өнеркәсіп, электр қуаты секілді салаларда көмірқышқыл газының бөлінуін азайту бүгінде күн тәртібіндегі алғашқы мәселеге айналып отыр. Ел тұрғындарына электр қуатымен жүретін автокөліктерді насихаттау қажет. Төртіншіден суды үнемдеу мен қалдықты азайту және орманды алқаптарды

сақтау, көбейту аса маңызды екені айтпай-ақ мәлім.

Біздің басты үмітіміз – әр адамның саналы әрекетінде. Қоршаған ортаға жанашырлық кішкентай қадамдардан басталатынын естен шығармайық. Мәселен бір рет қолданылатын пластиктен бас тарту, электр энергиясын үнемдеу, ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптаудан өткізіп, бөлек тастау, сондай-ақ жергілікті өнімдерді тұтыну... Міне, осынау іс-әрекеттердің әрбірі табиғатқа төнетін қауіп-қатердің алдын алуға септігін тигізеді.

Жаһандық жылынумен күресу – адамзаттың болашағын анықтайтын басты мәселе. Бұл күресте әрбір адамның тандауы, әр мемлекеттің саясаты маңызды рөл атқарады. Бұл жай ғана экологиялық дағдарыс емес, өмір сүру салтымызды қайта қарауды талап ететін ескерту. Табиғатты қорғамай, адамзат өзін де қорғай алмайды. Бүгінгі тандауыңыз – ертеңгі ұрпағыңыздың тағдырыекенін ұмытпағаныңыз жөн.

Аружан ОРАЛБАЙ

ҚАЛДЫҚТАРДЫ СҰРЫПТАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ САЛАСЫНДА 9 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

1972 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні болып аталып келеді.

Бұл күннің мақсаты қоршаған ортаға деген ұқыптылыққа үндеу деп қарасак, табиғатты аялау адамзатқа жүктелген міндет. Бүгінде облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бастамасымен қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жұмыстары тұрақты жүргізілуде. 2025 жылы облыста жиналған 76,9 мың тонна коммуналдық қалдықтың 23,5 мың тоннасы өңделген. Бұл туралы басқарма басшысының орынбасары Мәріп Ақбар айтты.



– Мемлекет Басшысының «Ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу» тапсырмасына сәйкес облыста қалдықтарды сұрыптау және өңдеу саласында 9 жоба бойынша жұмыстар жүруде. Аталған жобалар толық жүзеге асқан жағдайда, 700-ден аса жұмыс орындары құрылып, жылына 500 мың тоннадан астам қалдықтар сұрыптау және қайта өңдеуден өтетін болады. Мәселе тұрақты бақылауда. Бұдан бөлек, аймақ басшысының бастамасына сәйкес ауылдық аймақтарды дамытуға бағытталған, елді мекендерді тазалыққа, көркейту-көгалдандыру шараларына ынталандыру мақсатында өңірімізде «Үлгілі елді мекен» конкурсы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілуде. Соңғы екі жылда «Үздік» атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Биыл 19 коммуналдық техника табыстлатын болады. Қазіргі таңда, конкурс жұмыстары жүргізілуде.

Президентіміздің аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру тапсыр-

масына сәйкес «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өңірде санитарлық тазалық, абаттандыру және тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында өңірлік жоспар бекітіліп, кешенді жұмыстар жүргізілуде. Тұрғындарды экологиялық таза көлік қызметімен қамтамасыз ету үшін эко-такси қызметі іске қосылды. Жоба аясында 100 жаңа электромобиль алынып, 16 электр қуаттау бекеті салынды. Өңірімізде кәсіпкерлердің демерушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар, аллеялар қайта жаңғыртылып, заманауи үлгіде жөндеуден өтуде, – деді Мәріп Шаріпұлы.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен бүгінде облыс бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеуде 17 кәсіпкерлік субъектілері жұмыс жасайды.

«АЖ» ақпарат



Бүгінгі таңда «Қазсушар» РМК филиалдары Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Жетісу облыстарының диқандарына 3 млрд 73 млн текше метрден астам су берді. Бұл былтырмен салыстырғанда 335 млн текше метрге көп. Былтырғы жылдың осы кезеңінде 2 млрд 738 млн текше метр су жеткізілген болатын.

Алматы облысының шаруаларына 50 млн текше метрден астам су берілді, бұл бір жыл бұрынғыдан 6 млн текше метрге артық. Жамбыл облысының диқандарына 135 млн текше метрден астам су берілді, бұл өткен бір жылмен салыстырғанда шамамен 50 млн текше метрге артық. Ал Жетісу облысындағы су пайдаланушыларға 196 млн текше метр суармалы су жіберілді.

Қызылорда облысының диқандарына 1 млрд 280 млн текше метрден астам су берілді, бұл бір жыл бұрынғыдан 74 млн текше метрге артық. Түркістан облысының шаруа қожалықтарына 1 млрд 412 млн текше метрге жуық су берілді. Бұл былтырмен салыстырғанда 234 млн текше метрге артық.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған бес облыста 348 мың гектардан астам егістік алқаптары суарылды. Оның 25 817 гектары Алматы облысына, 42 600 гектары Жамбыл облысына, 33 674 гектары Жетісу облысына, 126 300 гектары Қызылорда облысына, 119 900 гектары Түркістан облысына тиесілі.

– Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің тапсырмасымен ведомство мамандарынан құралған төрт жұмыс тобы құрылды. Олар судың заңсыз пайдаланылуын анықтайды, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстігінде суды үнемдеу, реттеу және бөлу мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар су үнемдеу технологияларын енгізу, ылғал сүйгіш дақылдардың көлемін қысқарту және түнгі суару әдісін қолдану бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Каналдар арқылы суды кезекпен жіберу кестелері әзірленіп, іске асырылып жатыр, – деді Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Нұрлан Алдамжаров.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің баспасөз орталығы



Сурет ашық деректерден алынды

10 000 ҚАДАМ:

жаяу жүру — денсаулық кепілі

Қазіргі қарбалас тірлікте көлік пен гаджетке тәлімгер адамзат аз қозғалады. Ал адам ағзасы табиғатынан қимыл-қозғалысты сүйеді. Сол себепті дәрігерлер күн сайын белгілі бір қашықтыққа жаяу жүруді ұсынады. Шын мәнінде, ағзаға нақты қанша қадам пайдалы?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) ересек адамға күніне кемінде 8000 – 10000 қадам жүруді ұсынады. Бұл шамамен 6-8 шақырым деген сөз. Мұндай жүктеме жүрек-қантамыр жүйесі мен өкпе жұмысын жақсартып, қант диабеті мен семіздіктің алдын алады. Сондай-ақ ұйқыны түзетіп, стресс пен шаршауды азайтады. Ал салмақ тастағысы келетін адамға күніне 12000 қадамнан артық жүру ұсынылады.

Халықаралық зерттеушілер тобы 111 мың адамның деректерін саралап, жүріс пен денсаулық арасындағы байланысты нақтылады. Нәтижесінде, ең аз тиімді қадам саны – 2000-3000 аралығы екені анықталған. Бұл шамамен 1,6 шақырым жолға тең.

Америкалық кардиология колледжінің журналында жарияланған дерекке сүйенсек, күніне 2517-2735 қадам жүрген адамдардың жүрек ауруларына шалдығу қаупі, 2000 қадаммен шектелетіндерге қарағанда 11%-ға төмен.

Сол секілді Сидней университетінің зерттеуіне сөйкес, күніне 2200 қадам жүрсеніз де жүрекке оң әсер етіп, мезгілсіз өлім қаупін азайтасыз.

Сидней ғалымдарының зерттеуіне сүйенсек 4000 қадам жүрген орта жастағы адамдардың мезгілсіз өлім қаупі 20%-ға төмендейтінін анықтаған. Ал 4000-5000 қадам ойлау, есте сақтау сияқты когнитивті қабілеттерді сақтауға көмектеседі.

Тағы бір зерттеу – Ұлыбританияда 78000 адам қатысқан тәжірибе. Мұнда 3800 қадам миды белсенді ұстау үшін ең төменгі меже ретінде көрсетілген. Бұл деменция қаупін 25%-ға азайтады.

Күніне 7000 қадам жүретін адамдарда депрессияға шалдығу қаупі 31%-ға төмен болатыны дәлелденген. Бұл шамамен 4,8 шақырым жолға тең.

Сондай-ақ күніне 7200 қадам жүретін адамдардың жүрек-қантамыр ауруларына шалдығу қаупі 51%-ға төмен екені анықталған.

10 000 қадам – міндет пе, миф пе?

Көпшілік санасына сіңіп кеткен «10000 қадам» ұғымын заманауи денсаулық стандарты деп қабылдайды. Шын мәнінде, бұл сан алғаш рет 1960 жылдары Жапонияда маркетингтік мақсатта ұсынылған. Дегенмен зерттеулер бұл меженің адам денсаулығына оң әсер ететінін дәлелдеп отыр.

Жаяу жүруді жас мөлшеріне қарай саралаған жөн. Мәселен, жасөспірімдер мен жастар күніне 10000 қадам жасауы қажет болса, ересектерге 6000-8000 қадам да жеткілікті. Қарттар немесе денсаулығында кінәраты бар жандар 3000-5000 қадаммен шектелсе де болады. Бастысы – тұрақтылық. Көп емес, бірақ күн сайын.

Жаяу жүрісті дағдыға айналдыруды мақсат еткен жандар үшін ең әуелі күн сайын 15-20 минуттық серуен абзалырақ. Автобустан бір аялдама ерте түсіп, жаяу жүруді әдетке айналдыру керек. Әр апта сайын қадам санын 500-1000-ға арттырып, лифтің орнына баспалдақпен жүру маңызды. Жаяу жүрген сәтте қадам санағыш немесе смартфон қосымшалары арқылы бақылап отыру қызығушылығыңызды арттыруы мүмкін.

Ал салмақ тастауды мақсат етсеңіз, қадам саны қаншалықты маңызды болса, калория тапшылығы да соншалықты маңызды. Яғни, тұтынған калориядан көбірек калория жағу қажет.

Қанша калория жанып, қаншалықты салмақ кететіні дене салмағына байланысты. Ауыр салмақтағы адам бірдей қадам санына көбірек энергия жұмсайды.

Бастысы, көп жүріп, күнделікті қозғалысты дағдыға айналдыру. 2000 қадаммен бастап, біртіндеп 7000-10000-ға жеткізу – ұзақ өмір мен сергек дененің кепілі. Жаяу жүру – ешқандай қаржы да, арнайы құрал да қажет етпейтін қарапайым, бірақ ең тиімді денсаулықты жақсарту тәсілі. Уақытыңызды арнайы спорт залға емес, таза ауадағы серуенге арнаңыз. Күн сайын жасаған мыңдаған қадамыңыз – ұзақ әрі сапалы өмірге бастар жол!

А.МАРАТҚЫЗЫ

«БАТЫР МӘНШҮК» ҚОЙЫЛЫМЫ – ОРАЛДА!

М. Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжінің ұжымы Орал қаласында «Батыр Мәншүк» қойылымын сахналады. Спектакльге колледждің оқытушы және студенттерінен құралған 150-ге жуық өнерпаз атсалысты. Сыр елінен Ақжайыққа арнайы өнер сапарымен барып, батыр қыздың ерлігін дәріптеген жандарға батыс жұртшылығы ерекше ықылас танытып, қойылымнан соң ерекше қошемет көрсетті.

Майдан даласында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен Мәншүк Мәметова еліміздің батыс өңірінде дүниеге келген. Ол – Кеңес одағының батыры атағын иеленген тұңғыш қазақ қызы. Оқу орны сахналаған қойылымда тарихи тұлғаның ерлікке толы өмір жолы суреттелді.

– Сонау екі мыңыншы жылдардан бері батыр Мәншүктің еліне қойылым қою туралы ойлар, ұсыныс-пікірлер айтылғанымен сәті енді түсті. 2012 жылы Жеңіс мерекесіне, Батыр қыз рухына арнап 80 жылдық мерейтойына орай



«Мәншүк» атты хореографиялық спектакль қойылды. Көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында колледжімізде «Ассорти» студенттер театры құрылды. Өнерпаз жастардың басы қосылып, олардың театр өнеріне деген сүйіспеншілігі

жыл сайын жаңа серпін ала келді. Жас артистеріміз М.Мәметованың 100 жылдығына арнап «Моншак» мюзиклында өз өнерлерін жаңаша танытты.

Осы аталғаннан бөлек жылдар жылғасында батыр қыз атындағы ұлағат ұясындағы патриоттық шаралар жарасымды сабақтастықпен үнемі іске асып келе жатқандығының белгісі ретінде – кішкентай қойылымнан бастап мюзикл, хореографиялық спектакль, көпформатты қойылымына ұласқан туындымызды – «Батыр Мәншүкті» көрермен назарына ұсынып, ыстық ықылас пен зор қошеметін шабыттанып қайтты!

Бұл ерекше өнер туындысының басты ерекшелігі – қойылымға кәсіби әртістер қатыспайды. Барлығы да – колледж оқытушылары, олардың кішкентай бүлдіршіндері мен талантты студенттеріміздің

өздерінің еңбегімен, шабытымен жасалған. Батыр қыз Мәншүк рухын асқақтату және оны өз туған жерінде қойылым ретінде қою біздің патриоттық қасиетті борышымыз деп білеміз. Сол себепті де мазмұны терең, заманауи, өткен мен бүгінді ұштастырған жанды тебіренерлік туынды көрермен жүрегіне жетті деп ойлаймын, – деді колледж директоры Жақсыгүл Тоғанова.

Мәншүк Мәметованың есімін иеленген оқу орны 93 жылдан бері жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып келеді. Бүгінде білім ордасында 2 мыңнан астам студент оқиды. Айта кету керек, жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беретін ұйымшыл ұжым «Батыр Мәншүк» қойылымын еліміздің өзге де аймақтарында сахналауды жоспарлап отыр.

«АЖ» ақпарат



Біз көбіне жұлдыздар мен айға қарап армандаймыз. Кейде түнгі аспан шексіз тыныштық пен сырға толы әлем екенін ұмытып кетеміз. Ал аспан құбылыстары – жай ғана физикалық үдеріс емес, олар адамның ішкі әлемімен үндесіп жататын табиғаттың үнсіз тілі іспетті. Әсіресе кейбір құбылыстар көзімізді ғана емес, көңілімізді де баурайды. Соның бірі – маусым айының ерекше тартуы «Құлпынай айы» атанған ғажайып толық ай.

«Құлпынай айы» деген не?

11 маусым күні аспанды ерекше сәуле кернеді. Бұл туралы әлеуметтік желілерде де түрлі видео тарады. Бірі құбылыстан қорықса, бірі таңданды. Ал негізінде бұл жаздың алғашқы толық айы еді. Астрономдар оны «Құлпынай айы» деп атайды. Бұл атау – солтүстік америкалық алгонкин, оджибве, дакота секілді байырғы халықтардың дәстүрінен алынған. Олар маусым айындағы толық айды дәл осы уақытта пісетін жидекпен байланыстырған. Ай бұл кезде Жерге барынша жақындап, ерекше алтын түстес ренкке енеді. Бірақ атауына қарамастан, ол қызыл не қызғылт түске боялмайды. Жай ғана көкжиекке жақын орналасуына байланысты, жарығы сәл өзгеше қабылданады. Бұл – сирек кездесетін және визуалды әсері ерекше құбылыс.

Reuters агенттігі бұл сәтті Түркия, Грекия, Италия, АҚШ, Венгрия мен Қазақстанда түсірілген бейнекөріністер арқылы көрсетті. Әлеуметтік желілерде де қолданушылар аспанға көз тігіп, бұл көріністен алған әсерімен бөлісті.

«Құлпынай айы» деген Strawberry Moon атауының аудармасы, яғни маусым айындағы толық айдың халық арасындағы атауы. Еуропалық мәдениетте бұл құбылысқа басқа атаулар да тән. Мысалы, «Бал айы», «Гүл айы», «Қызғылт ай». Әр атаудың астарында сол өңірдегі табиғи және тұрмыстық ерекшелік жатыр.

Көпшілік «құлпынай» дегенді естіп, Ай шын мәнінде қызғылт немесе алқызыл түске боялады деп ойлауы мүмкін. Алайда бұл – оптикалық иллюзия. Айдың түсінің өзгеруі оның атмосфера арқылы сынуымен және көкжиекке жақын орналасуымен байланысты. Биыл маусымдағы толық ай ерекше болды. Ол Жерге барынша жақын орналасып, 357 000 шақырымдай аралықта тұрды. Астрономияда



Сурет ашық деректерден алынды

мұндай жағдайды перигей деп атайды. Мұндай кезде Ай біршама үлкен және жарық көрінеді – бұл құбылыс «суперай» деп те аталады.

Қазақстан аумағында 11 маусым күні Айдың толық фазасы Астана уақытымен сағат 14:44-те болды. Әрине, бұл уақытта көк аспанда Ай көрінбейді. Бірақ құбылысты сол күні кешке және келесі күндері кешкі уақытта бақылай алдық. Әсіресе, жарығы аз ауылдық және далалық аймақтарда көрініс айрықша байқалды. Климаттық жағдай мүмкіндік берсе, көзбен қарауға да болады. Телескоп немесе басқа да құрылғылар міндетті емес. Ең бастысы, аспан ашық болу керек. Астрономиялық тұрғыдан бұл – Жер мен Айдың табиғи өзара қозғалысының бір бөлігі. Алайда адамзат Айға қарап әрқашан түрлі мағына жүктеп келген. Айдың толық көрінуі көптеген халықтарда табиғатпен үндестіктің белгісі саналады. Кей елдерде бұл – энергияның толысқан уақыты, біреулер үшін жаңа бастаманың нышаны.

Биылғы «құлпынай айы» – тек астрономиялық құбылыс қана емес, адам мен табиғаттың үндестігін, жыл мезгілдерінің ауысу әсемдігін сезінуге себеп болған ерекше түн болды. Алғашқы жазғы толық айды көріп

ұлгермеген жандар үшін келесі әсерлі сәт 2043 жылға қарай ғана қайталанбақ. Бірақ аспанға көз тігіп, уақыттың сұлулығын сезінуге ешқашан кеш емес.

Ал толық ай деген не? Бұл Айдың Күнге қарама-қарсы орналасып, ал Жердің кеуінінің ортасында қалған кезеңі. Сол кезде Ай беті толық жарықпен қамтылып, түнгі аспанда толық шенбер ретінде көрініс табады. Мұндай құбылысты географиялық орналасу мен уақыт белдеулеріне қарай түрлі уақытта бақылауға болады. Мысалы Нью-Йоркте 21:08, Лондонда келесі күн таңертең 01:08-де, ал Жапонияда 09:08-де көре аламыз.

Айдың фазаларына тоқталсақ, 1-10 маусымда «Толу үстіндегі ай», 11 маусымда «Құлпынай айы», 24 маусымға дейін ай кішірейіп, 25 маусымда жаңа ай туылады.

Әр құбылыс табиғаттың жыл сайынғы, бірақ өзіндік ерекшелігі бар «тартуы» секілді. Мұндай құбылыстар аспанға қарап ойлануға, уақыт пен кеңістіктің үндестігін сезінуге себеп болмақ.

Инжу МАРЖАН

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 6893
Тапсырыс: 1014